

**"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111  
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 199 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы  
№ 581 қаулысымен

**"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері"**  
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111  
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері"  
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111  
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 40, 522-құжат)  
мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

16-1) тармақша мынадай редакцияда толықтырылсын:

"16-1) тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік  
қағидаларын әзірлеу және бекіту";

мынадай мазмұндағы 16-3) тармақшамен толықтырылсын:

"16-3) мемлекеттік білім беру кредитін беру және орналастыру қағидаларын  
әзірлеу және бекіту";

17) және 18) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"17) мұдделі орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және  
басқа да әлеуметтік әріптермен өзара іс-қимыл жасай отырып, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің  
сыныптауышын әзірлеу және бекіту;

18) білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін,  
сондай-ақ орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды  
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау";

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асыру және оны жүргізуді үйлестіру, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар мен қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту;";

24) және 25) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"24) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларды бекіту;"

25) республикалық және жергілікті бюджеттер бекітілгенге дейін орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін, оның ішінде электрондық нысанда бекіту;"

31) тармақша алып тасталсын;

39) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"39) еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының даярлық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

40-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"40-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

44) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44) білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту;"

57) және 58) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"57) ұлттық бірыңғай тестілеуді, кешенді тестілеуді өткізу және білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

58) білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары

және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту;";

61-5) тармақша алып тасталсын;

69) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"69) білім беру ұйымдары, оның ішінде шағын жинақталған мектептер түрлерінің номенклатурасын бекіту;";

95) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"95) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын әзірлеуді ұйымдастыру және бекіту;";

96) тармақша алып тасталсын;

106) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"106) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін әзірлеуді ұйымдастыру және бекіту;"

125) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"125) білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік ұлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік ұлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын әзірлеу және бекіту;"

129) және 129-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"129) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту;"

129-1) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта

білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту;";

мынадай мазмұндағы 167), 168), 169) және 170) тармақшалармен толықтырылсын:

"167) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

168) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту;

169) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту;

170) бюджет қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;";

ведомстволардың функцияларында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын және Сот төрелігі академиясын қоспағанда, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, әскери, арнаулы оқу орындарындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу;";

76-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"76-4) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларды әзірлеу;";

76-27) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 76-32), 76-33), 76-34), 76-35), 76-36) және 76-37) тармақшалармен толықтырылсын:

"76-32) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;

76-33) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлеу;

76-34) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін әзірлеу;

76-35) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын әзірлеу;

76-36) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу;

76-37) білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін әзірлеу;".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министрі А. Мамин**